

Шандақ ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 18 "Шандақ селолық округінің Дорожное селосының құрамдас бөлігін атауы туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы Шандақ ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 6 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 24 маусымда № 4875 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 қаңтардағы Заңына сәйкес Шандақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шандақ ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 18 "Шандақ селолық округінің Дорожное селосының құрамдас бөлігін атауы туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-20-123 тіркелген, 2009 жылғы 9 қаңтарда "Федоровские новости" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабына сәйкес, Дорожное ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып, Шандақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**";

шешімнің мемлекеттік тілдегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "селолық", "селосы", "селосының" деген сөздер тиісінше "ауылдық", "ауылы", "ауылының", деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің қосымшасында мемлекеттік тілдегі бүкіл мәтін бойынша "селосының", "селолық", деген сөздер тиісінше "ауылының", "ауылдық" деген сөздермен ауыстырылып өзгерістер енгізілсін;

орыс тіліндегі мәтін өзгертулмайді.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шандақ ауылдық

округінің әкімі

Н. Осипов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК